



№ 11 (1284)  
ЖЕЛТОҚСАН  
1999 ЖЫЛ

## Қазақ университеті

1-бап. 13-тармақ:  
Цензура - БАҚ-тың хабарларын және материалдарын мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен және өзге де ұйымдармен олардың талап етуі бойынша немесе өзге де негіздер бойынша хабарлар мен материалдарды не олардың жекелеген бөліктерін таратуды шектеу немесе оларға тыйым салу мақсатымен алдын-ала келісу.

2-бап. 1-тармақ:  
Цензураға тыйым салынады. (ҚР БАҚ туралы заңы. 1999 ж. 23 шілде.)

**Жаңа ғасыр, Жаңа мың жыл күт әкелсін!**

Қадірлі отандастар!  
Ұстаздар мен шәкірттер! Университет қызметкерлері!

Атамыз қазақ "Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан" дейді. Біз Сіздермен бірге екінші мыңжылдықты, оның соңғы ғасырын шығарып салып, жаңа ғасыр, жаңа дәуірді қарсы алмақпыз.

Өткен мыңжылдықта Жер-Ананың бетінде қаншама ұрпақ ауысты, біз біле бермейтін сан алуан ғажайыптар болғаны да рас. Бірақ, соның ішінде XX ғасыр әлем жұртшылығы үшін де, біздің ұлтымыз үшін де қызығы мен қиындығы аралас, әсіресе соңғысы басым жүз жылдық ретінде тарихқа енді.

1916, 1917, 1919-21, 1928-30, 1931-33, 1937-38, 1941-45, 1954-56 - бұл жылдарды қабырға қайыспай еске түсіре алмайсың. Біз еңсе көтере еске алсақ, ойымызға қандықол империяның отарлық шынжырын үзіп, дүниені дүр сілкіндірген 1986 жылдың желтоқсаны, тәуелсіз Қазақстанның көк туы желбіреген 1991 жыл оралады.

Сонымен бірге кенес дәуірінде де, бүгінгі тәуелсіздік заманында да университетіміздің ұрпақ тәрбиелеу, маман даярлау ісінде беделі жоғары, мерейі үстем болғаны жадымызға келеді. Ол бедел мен мерей - университеттің іргетасын қалап, керегесін көтерген аға ұрпақтың, солардың ісін жалғастырушы Сіздердің ерен еңбектеріңіздің нәтижесі.

Келер ғасыр, жаңа мыңжылдық бастауында да Сіздердің сол биіктен көрінетіндеріңізге сенемін.

Қашан да ынтымақ пен бірлікте "инемен құдық қазған" дәстүрлеріңізді жалғастыру жолында дендеріңіз сау, еңбектеріңіз жемісті болсын.

Жаңа ғасыр, жаңа мың жыл күт әкелсін!

Ректор К.Н.Нәрібаев.

Жаңа ғасырға арналған материалдарды газетіміздің келесі санынан оқисыздар.

Желтоқсанның 9-ынан қаңтардың 8-іне дейін отыз күн ораза.



"Балиғат жасына толған әрбір мұсылманның рамазан айында ораза тұтуы - парыз"

(Бахара сүресі. 183-185-аят).

16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні.

17 - желтоқсан - демократиялық жаңару күні.

**- Ағай, Сіз желтоқсанда қайда болдыңыз?**

...Желтоқсанда Е. Сыпатаев, Қ. Рысқұлбаков, С. Мұхамеджанов, Л. Асанова, К. Молдиназарова, С. Қашағайов, Т. Дәуренбеков секілді жастар қыршылынақ түрмеді. 8500 адам қамлауға айынды. 103 адам сотталды, 800 адам қосымша қатарынан шығарылды, 270 студент оқудан қуылды...

8-бетте.

2-бетте: Отыз күннің ой салған оқиғасы

3-бетте: Бармасаң, келмесең, жағ боласың

4-5-беттерге: Біз ешкімнен кем емеспіз.

6-бетте: Парасат. Шапағат. Уулағат.

7-бетте: Ғылымға көңіл бөлсеңіз

8-бетте: Сыр сандықты ашып қара.

### Баспасөз-2000

**АБОНЕМЕНТ** Басылым индексі **65989**

"Қазақ университеті" газеті

1 жылға жазылу бағасы	370 теңге	Комплекті саны	
-----------------------	-----------	----------------	--

2000 жылға, айлары

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

қайда (почта индексі) (мекен-жайы)

кімге

**ТАСЫМАЛДАУ КАРТОЧКАСЫ**

ПВ орны Басылым индексі **65989**

"Қазақ университеті" газеті

Бағасы	жазылу мекен-жайын өзгерту	...теңге	Комплекті саны
--------	----------------------------	----------	----------------

2000 жылға, айлары


қайда (почта индексі) (мекен-жайы)

кімге (аты-жөні)

### Ойлы оқырман!

Жақсылықтың жанашыры, жаңалықтың жаршысы, төл басылымыңыз -

"Қазақ университеті" газеті енді бүкіл Қазақстанға тарайды.

- Егер Сіз республиканың, әлемнің соңғы жаңалықтарымен танысқыңыз келсе;
- Егер Сіз республикадағы барлық жоғары оқу орындарымен, арнаулы білім ордаларымен және мектептермен байланыс жасағыңыз келсе;
- Егер Сіз ғылыми танымыңызды кеңейтіп, эстетикалық талғамыңызды көтеремін десеңіз;
- Егер Сіз өз шығармашылығыңызды танытқыңыз келсе;
- Егер Сіз көкейіңіздегі жалпыға ортақ мәселелерді өзгелермен бөлісе алмай жүрсеңіз;
- Тіпті Сіз жаныңызға ең жақын адам іздесеңіз, өзіңізге аяулы адамды құттықтағыңыз келсе; хабарландыру таратамын, жарнама беремін десеңіз

"Қазақ университеті" газетіне жазылыңыз.

Жазылу бағасы бір жылға - 370 теңге.  
Индексі 65989;  
форматы - А3;  
Көлемі 8 бет.



Әлемде

## Ғайыптан айып тағылмас...

Орнынан тайдырылған Пәкстанның бұрынғы премьер-министрі Н.Шариф өзіне тағылған айыптарды жоққа шығара отырып, куә, дәлелдерді әдейі бұзып отырған армия-басшылығын айыптады. Әскери үкімет бұрынғы үкімет басшысы мен оның 6 жақтасына мемлекетке опасыздық жасады және мемлекет байлығына заңсыз қол сұқты деп айыптап отыр.

## Сайлау күні 50 мың әскер - көшеде

Шри-Ланкада 21-желтоқсанда Президент сайлауы болып өтті. 18-желтоқсан күні қазіргі Елбасы Ш.Кумаратаның ханымға Коломбо қаласының орталық алаңында қастандық жасалған. Жарылыс салдарынан кемінде 24 кісі өліп, 100-ден астамы жараланған. Президент те аздап жарақат алып, ауруханаға түскен және оған жедел түрде хирургиялық операция жасалған. Елдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 50 мыңдай әскер сайлау күні көшелерге шықты.

## "Партия қайда болса..."

ОБСЕ-нің Ресей Думасына сайлауды бақылау жөніндегі комиссиясының төрайымы Хелле Дайн 19-желтоқсанда болып өткен сайлауды Ресейдің демократияға жасаған нық қадамы деп бағалады. Х.Дайн ханым сонымен бірге оппозиция өкілдеріне баспасөзден өте аз орын бөлінгендігін айтты.

Алдын-ала берілген қорытындыларға қарағанда Компартия (24,1%) және 3 ай бұрын ғана құрылған бүгінгі үкімет билігін қолдайтын "Единство" блогы (23,7%) жеңіс туғырына көтерілген.

## Қастандыққа бостандық жоқ

Босния мен Герцеговинаның қорғаныс күштерінің генералдары С.Галич пен С.Караджич Гаагадағы Халықаралық трибуналда әділдік органдары алдында әскери қылмыс жасап, бейбіт тұрғындардың қанын төккені үшін жауап беретін болады. Оларды Гаагаға алып кетуге ауа райы қолайсыздықтары кедергі болған көрінеді.



Республикада

## Қауесет терме, өсекке ерме

А.Ақаевтың ұлы Айдар мен Н.Назарбаевтың қызы Әлияның ажырасып кеткендігі туралы хабар тарап кеткен болатын. Атап айтқанда бұл жөнінде мәскеуде шығатын "Московский комсомолец" және "Новая газета" басылымдары арнайы мақалалар жазды. Сондай-ақ Бішкектен шығатын "Республика" газеті де осы тақырыпты жиі қозғап келеді. Қырғыз Президенті А.Ақаевтың баспасөз хатшысы Қ.Байбосынов бұл мәліметті жоққа шығарды.

## К.Аннан келеді, Н.Назарбаев барады

ҚР Президенті Н.Назарбаев БҰҰ-ның Бас хатшысы Кофи Аннанмен кездесті. Бас хатшы қазақ Елбасының елдегі тұрақтылықты және аймақтағы ынтымақтастықты дамытудағы ролін атап өтті. Қазақстан Президенті К.Аннанды өз еліне ресми сапармен келіп қайтуға шақырды және өзінің келесі жылы қыркүйекте Нью-Йоркте өтетін мыңжылдық кездесуіне қатысуға ынтымақ екенін айтты.

## Сыбырлағанды құдай естімей ме?

Президент Н.Назарбаев пен АҚШ вице-президенті А.Гордың келіссөздері жабық есік жағдайында өтті. А.Гор өз үкіметінің Қазақстан әскерилерінің Солтүстік Кореяға "МиГ" ұшақтарын сатуы және заңсыз деп бағаланған Президент, Парламент сайлаулары кесірінен екіжақты бірлескен комиссияны өткізу-өткізбеу туралы ойланғанын және Президенттің кінәлілерді қатаң жазалауына кейін кездесуді өткізуге шешім қабылдағанын айтты. Өз кезегінде Қазақстан Президенті "МиГ" ұшақтарына байланысты даудың шешілгенін және сайлау реформалары әлі де жүріп жатқанын сөз етті. Екі жақ терроризмге қарсы бірлесіп қырысу, сауда-экономикалық қарым-қатынастарды дамыту туралы шарттарға қол қойды.



Астанада

## Ұзын, ұзын да болса қысқа жол

"Қазақстандағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 83 мың шақырым. Оның 18 мың республикалық маңызаға ие". Бұл туралы Көлік және коммуникациялар министрлігіне қарайтын "Қазақстан автожолы" қазыналық кәсіпорнының президенті С.Тоққұлов мырза хабарлады.

## Астанаға қажет, басқаларға да қажет

Астанада білім мен ғылымның дамуын таяу болашақта жоғары деңгейде жолға қою туралы Білім және ғылым министрі Қ.Көшербаев баяндама жасады. Отырыс барысында осы министрліктің жоғары білім департаментінің басшысы Ә.Әбжаппаров жоғары білімді дамыту туралы өз ұсыныстарын айтты.

## Құпия құжаттар көрсетілмек

Қазақстандық МиГ ұшақтарының шетелге сатылуына байланысты генерал Б.Ертаевтың үстінен қозғалған іске байланысты Ауғанстан соғысының ардагерлерінің жетекшісі Олег Рубец өзінің бұрынғы майдандасын жақтап, президент Н.Назарбаевқа хат жолдады. Хатта Ертаевтың кінәсі жоқ екендігін, егер сот Ертаевты кінәлап, үкім шығарса, онда ол айыпталушыны ақтайтын құпия құжатты жария етуге дейін баратынын мәлімдеді.

Хабар-ошарларды  
ИНТЕРНЕТ  
жүйесі бойынша әзірлеген  
Мұхтар СЕҢГІРБАЙ



Алматыда

## Құдай бір айналдырса, шыр айналдырады

Бұрынғы премьер-министр Ә.Қажыгелдиннің оққағарлары П.Афанасенко мен майор С.Ыбыраевтарды тергеу одан әрі жүргізілуде. Олар ҚР ҚК-н 251-бабы бойынша айыпталуда. Егер айып расталса, олар 3 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Алматы қалалық ІІБ бастығы Қ.Қасымовтың айтуына қарағанда П.Афанасенконың үйінен қару табылған. Сондай-ақ С.Ыбыраевтың автокөлігінде де қару болған. Бұған қоса "Прямой путь" аулында орналасқан А.Клебановтың қоймасынан Ә.Қажыгелдинге тиесілі "Винчестер" маркалы винтовка табылған. Бұл қаруды сақтаудың заңсыздығы дәлелденсе, ҚРХП төрағасының үстінен де қылмыстық іс қозғалады.

## Жалақы жоқтық, қарызы көптік азғырар адам баласын...

21 желтоқсанда Алматы облыстық клиникалық ауруханасының дәрігерлері жаппай ереуілге шықты. Олар 5 айдан бері алмаған жалақыларын беруді талап етті. Дәрігерлер облыс әкімшілігіне нақты талаптар қойып отыр: егер 25-желтоқсанға дейін айлықтары берілмесе, олар Талғар мен Құлжа тас жолдарын бөгейтінің мәлімдеді.

## Бір адым алға, үш адым кейін

20 желтоқсанда Алматыда теміржол мұражайы ашылды. Онда Қазақстан теміржолының 100 жылдық тарихы қамтылған. Ал Ақсу ауданындағы І.Жансүгіровтың Шелектегі. Ұзынағаштағы тарихи-өлкетану мұражайлары жабылды. Оларды жабу туралы шешімге З.Нұрқаділов қол қойған.

## Үкіммен келіспейді, демек өліспей беріспейді

20 желтоқсанда бұрын ҰҚК-де жұмыс істеген Мансур Саттаров Душанбеден Алматыға 7,5 кг героин есірткісін алып келгені үшін 10 жылға түрмеге жабылды. Ол 18-наурызда Алматы әуежайында қолға түскен болатын. Ал айыпталушы сот үкімімен келіспей, Жоғарғы Сотқа кассациялық шағым жолдады.



Университетімізде

## Шығыстану факультетіне - 10 жыл

## Той мәжіліс деңгейінде өтпесе...

Қарашаның 18-і күні Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің шығыстану факультеті өзінің он жылдығын атап өтті.

Кезді ашып-жұмғанша өтетін аз ғана уақыттың ішінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеп үлгерген бұл факультет осы уақыт аралығында астам шығыс тілдері мамандарын даярлап шығарды. Мұнда студенттер негізінен сегіз елдің тілі мен тарихынан білім алады. Бүгінде оншақты мемлекетпен рухани, мәдени байланыс орнатылған.

Онжылдықтың тойына арнайы шақырумен алты мемлекеттің (Ливия, Түркия, Оңтүстік Корея, Қытай, Египет, Жапония) Елшілері мен пресс-аттасшелері келіп қатысты. Қуанышқа ортақтасқан, жылы лебізге толы құттықтау хаттары да ал-шетел мен көршілес елдерде тілектестерден де, осы факультеттің түлектерінен де келіп жатты. Алматыдағы шығыстану институты, Әлем тілдері мен тарихы институтының шығыстану факультеті де бұл тойдан қалыс қала алмапты. Әр тараптан жеткен қуаныш легі сол күнгі мерекеден бөлек ағылып, би болып тегіліп бір арнада тоғысып жатты. Студенттердің Өтеген Күмісбайұлы сөзін жазған, шығыстану факультетінің гимнін "Атамекен" әнінің әуенімен айтқан сәгі мерекеге жиналған қауымды бір кісідей тебіренкті десек те артық емес.

Шіркін,- дейміз баяғы, университет тарихына қатысты осындай тойлар мәжіліс залында емес. Студенттер сарайында өтсе, ресми қасандықтан арылар ма еді?..

Гүлбигаш ОМАРОВА.

Ана тілің - арың

## Владей семью языками и семью знаниями

Современный студент - хранитель традиций, мудрости предков и родного языка. Что будет, если казахский язык в будущем войдет в число мертвых языков. Тем более, что он популярен среди молодежи не пользуется. В чем причина охлаждения к государственному языку? Может в том, что нет примера на глазах, а может в том, что преподают без интереса?

На юридическом факультете прошел открытый семинар казахского языка под названием "Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл" (Владей семью языками и семью знаниями) на котором преподавала Саурыкова Майра Дисенбаевна. Семинар прошел интересно и оживленно. Активно участвовали студенты русской и корейской национальности. Цитировали классиков, рассказывали пословицы и поговорки, пытались донести смысл сказанного. Также поведали о каких казахских ханах и батырах они знают. Особым уважением у них пользуются Абай Құнанбаев, Абулхаир хан, Чокан Валиханов и др.

Цель семинара показать, что казахским языком может овладеть каждый, только надо заинтересоваться обучающего, показать ему всю красоту и богатство языка. Может тогда государственный язык начнут уважать и говорить на нем.

Айнур КАРГАЛИНОВА.

## Студенттер сарайында

## "Әттең тонның келтесі-ай!..."



Қарашаның 20-күні Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген әртіс, күйші-композитор Секен Тұрысбеков Тәуелсіздік күніне арналған авторлық кешін өткізді.

Кеш "Көк байрақ көтердік сыйынып..." деп аталды. Соңғы жылдары қазақ музыкасының

шерін тарқататын осындай сырлы кештер өткізуді әдетке айналдырған Секенге өнер сүйер қауымның ықыласы да ерекше. Табиғат берген дарын мен өнер десе ішкен асын жерге қоятын қасиетінен бөлек тынымсыз ізденісі мен қарапайымдылығы ерекше сүйсінтеді. Былтырға дейін "Секеннің саз отауы" атқарып келген жұмысты енді жаңадан құрылған "Ақ жауын" ұлттық ансамблі орындайтын болады. Жеке орындаушылардың ішінде де белгілі әншілермен қатар, жас талапкер әншілердің өнер көрсетуі жастарға деген жылы көзқарастың нышаны болса керек.

Біздің Секен ағаға айтар бір ғана назымыз бар: қазақ музыкасымен белгілі бір шоғыр топты ғана сусындатпай, жастардың әр алуан топтарының да рухани өсуін назардан шығармаса. Табыс көзі - өнер десек, жастарға жарналасын жақсылап тартып, билет құнын студент қалтасына лайықтап белгілесе, түсетін пайда екі жақты болмас па еді?

Гүлбигаш ОМАРОВА.

## 20 қарашада қала әкімі В.В.Храпунов мырза оңтүстік астанамыздағы барлық жоғары оқу орындарының студент жастарымен кездесу өткізді.

Жүздесудегі басты мәселе: жастармен ой бөлісіп, олардың хал-ахуалына назар аудару болды. Алғы

## Храпунов атындағы стипендия кімге бұйырады?

немесе қазақ тіліне байланысты сауалға кім жауап береді?

сөзін "Ассалаумағалейкум!" деп бастаған баяндамасында әкім қаладағы жастардың хал-ахуалын жақсарту, тәртіпті мықтап қадағалап, бұзылуына жол бермеу, СПИД, туберкулез індетінен сақтану, қаламызды таза, әсем туристік қалаға айналдыру мәселесін қозғады.

Сонымен бірге, қала әкімі студенттердің қойған сауалдарының бір де бірін қалдырмай жауап берді. Әттеген-айы қазақ тіліне байланысты сауалымызға жауап ала алмадық.



Жастардың арыз-өтініштерін мақұлдап, сол жерде отырған басшыларды тұрғызып тапсырма беріп жатты. "Стипендиямызды алғымыз келеді" деген сауалға: "Ойлап көретін мәселе, бірақ өз атымдағы стипендия болады", - деп бір қуантты. Қазақша мақалдары ана тілімізде айтып, "құдайға шүкір", "Аллаға шүкір" деп мұсылмандық ниетпен сөз қолданып отырған әкім студенттер ауруханасына қаралуды тегін жасау, жатақхана маңына тәртіп сақшыларын қою студенттерді

тегін жұмысқа орналастыру мекемесін ашу, жатақханаға жақын маңнан аялдамаларды ашу, транспорт мәселесін дағды жолға қою және тағы да басқа маңызды мәселелерді іске асыруға уәде етті.

Гүлмира НӘЛІБАЙ.



## Жапандағы Жапониядан хат келді



Бүгінгі ақпарат тарату мен алмасу технологиясы дамушына жеткен тұста газет оқырмандары мен тілеулері географиялық немесе территориялық шектеулер шеңберінен шығып кетеді екен. "Қазақ университетінің" хат қоржынына келіп түскен мына хат біздің назарымызды өзіне ерекше аударды. Хат иесі - шығыстану факультетінің 5 курс студенті, кезінде газетімізде көп мақталған талапты жастардың бірі - Батырхан Торғаев. Батырхан өзінің сүйіп оқитын газеті арқылы шығыстану факультетінің он жылдық мерекесіне орай құттықтау сәлемін жолдапты. Ендігі сөзді хатқа берелік:

## "Сағынышты сәлем жолдаймын!"

- Той десе, қуаныш десе, алыс-жақын, туған-туыс, тамыр-таныс табысып жататын әдет қазақтың қанына сіңген қасиеттердің бірі емес пе? Мен де елден алыста, тыныс-тіршілігі, таным-түсінігі мүлдем бөтен Жапон елінде жүріп, өзім білім алған, әрі менің ел мен жер танып, тіл жаттықтыру үшін сапар шегуіме бірден-бір себепкер болған Шығыстану факультетіне он жылдығына орай құттықтау лебіздімді білдіргім келіп қолыма қалам алдым.

Құрметті де сүйікті Шығыстану, сені он жылдық мерейтойыңмен құттықтаймын! Саған үлкен абырой, ұзақ... жо-жоқ, ұзақ емес, мәңгі ғұмыр тілеймін! Есіңде ме бұдан 10 жыл бұрын қандай едің? Сені ол кезде ешкім әлі танымайтын, ешкім сенімен санаспайтын, дәл бір жана туған нәрестеге қарағандай, "осының ертеңі қалай болар екен?" деп біреу күліп, біреу қызығып, ал енді біреу аяп қарайтын, есіңде ме? Мен, әрине, сенің қалай тәй-тәй басып, аяғыңа тұрып, алғашқы қадам жасаған талпынысыңды жақсы біле бермеймін, бірақ уақыт-тарих бәріне куә, сенің мына дүниеге келуіңе өз үлесін қосқан сені жарық дүниеге шығаруға аянбай еңбек еткен жарқын жүзді, жоғары білімді, қазақ десе жанын беруге дайын асыл азаматтар бар, міне, солар куә. Ал енді қазіргі халіңе қарап көрші, небары он жылда (тарих үшін он жыл түк емес) саған кезінде нәмісқайылы қарағандар бүгін сенімен санасуға мәжбүр. Сен өз елімізде ғана емес, сырт елдерде де өзіңді мойындата бастадың. Жарайсың, Шығыстану! Сол елдерде тек оқумен ғана айналысып қоймай, қазақты танытып жүрген сенің ұл-қыздарың бүгін сенің тойыңа бара алмаса ренжіме.

Шығыстану, сенің бүкіл қазақ өлінің өркениетті елдер қатарына қосылу үшін қосар үлесің мол деп білемін. Батысқа бас бұра бергенше бізге шығыстану қажеттірек секілді. Шығыс пен Батыстың өзара байланысын біржола шешіп берер XXI ғасырда сенің мойныңа артылар жүк үлкен. Сенің тәрбиелеп, оқытқан бір ұлың ретінде қазақты көркейтуге тамшыдай болса да өз үлесімді қоссам ба деген арман менің де жүрегіме ұя салған, мінеки, сондықтан да мен бүгін сенімен біргемін, құрметті Шығыстану. Құттықтаймын!

Құнығыс елі - Жапония,  
Киото қаласы,  
Кистр мемлекеттік университеті  
шығыстану факультетінің  
5-курс студенті  
ТОРҒАЕВ БАТЫРХАН.

## "Қазақ жастары ақылды да ұяң келеді" - дейді американдық журналист-оқытушы Эми Шилдс

Отанына қайтар алдындағы соңғы сабағын Эми ханым аса бір төбіреністі жағдайда өткізді. Американдықтарша еркін сөйлеп, эмоцияға тым беріле тұрып, өзінің біздің елде алған өсерлерімен бөлісті. Қазақ жастарын американдықтармен салыстырып, оларға қарағанда көп ізденгіш, ақылды, тиянақты, соған қарамастан бұйығы, жасқаншақ деп бағалады. Небәрі 25 жастағы Оклахома университеті журналистика мектебінің оқытушысы Эми Шилдс сөйтіп Қазақстандағы тәжірибесін аяқтады. Ол өзінің осындай үлкен аудиторияға тұңғыш рет дәріс беріп тұрғанын, сондықтан үлкен оқытушылық мектептен өткенін айтты (халықаралық журналистика бөлімінің 2,3,4 курс студенттерін үнемі біріктіріп лекция оқыды).

Мисс Эми біздің есімізде аса ұқыптылығымен, тиянақтылығымен есте қалды. Ең маңызды лекцияларын басып әкеліп әрқайсымызға таратып отырды. Әрдайым қажетті аппараттарын, кітаптар мен бума қағаздарды, компьютерін көтеріп жүргенін көретінбіз. Сол жүктерімен есік алдында күзетшілердің "тас қамалынан" өте алмай қызарақтап тұрғанын да көрдік. Әдетте мұндай жанкештілік біздің оқытушы қауымға жат көрінеді емес пе?

- Қазақстаннан біржола кеттіңіз бе?

- Жок, біржола деп айта алмаймын. Осындағы қоғамдық ортаға, ауа райына өбден үйреніп қалған едім. Қоштасу қиын болып тұр. Көптеген достар таптым. Әсіресе студенттер арасынан. Бұйыртыса, электронды поштамен үзбей хат алысып тұрармыз. Ал Алматыға біраз уақыт өткен соң қайтып келгім келеді. Оң өзгерістерді көзбен көріп қуаныш келеді.



Бірақ менің өз карьерамды АҚШ-та жасайтыным айдан анық.

- Қазақстандықтарды американдықтармен салыстыруға бола ма?

- Мен Өзбекстанда да тәжірибеден өттім. Сіздермен тарихы, тамыры бір болғанымен, алшақтық үлкен. Ол нағыз Азия мемлекеті. Кез-келген жерде алдыңнан өзге мәдениеттің иісі аңқып тұрады. Ал мұнда Азия мен Еуропа араласып кеткен. Студенттер арасынан ауылдан, яғни қазақи (азиялық) тәрбие алғандар мен қалалықтарды айыру оңай. Бірақ менің педагогикалық принципім оларды ешқашан алалауға жол берген жоқ.

- Қазақстан журналистикасы туралы не айта аласыз?

- Біздікімен арада алшақтық, әрине, өте көп.

Бізге ең алдымен оперативтілік керек, сондықтан хабарды бірінші болып тарату үшін бәсеке жүріп жатады. Меніңше, технологиялық жедел даму осыдан шығады. Ал сіздерде бүгін болған оқиғаны 1 аптадан соң бере беруді. Плурализм дамып келеді. Зандық база бар. Журналистер өз құқықтарын жақсы біліп, сенімді әрекет ету керек.

- Қазақстаннан не алдыңыз?

- Алғаным - ұшан-теңіз. Ең алдымен осындай мәдениеті, тарихы бай елмен етене жақын танысып, достар таптым. Екіншіден мүлдем басқа психология мен менталитеттегі аудиториямен жұмыс істеуде бай тәжірибе жинадым. Менің Алматыдағы күндерім - өмірімнің ең қызыққа толы кезеңі. Әсерімді ауызбен айту мүмкін емес. Әрдайым сағынып жүретін шығармын.

Оның бізге де бергені көп. Паблик Рилейшнздің қыр-сырын ағылшын тілінде "жілікше" шағып үйрендік. Соңында әрқайсымыз ағылшынша шағын пресс-конференция ұйымдастырып, журналистердің сұрақтарына жауап бердік. Қысқасы, өзімізді халықаралық журналист ретінде сезінген кезіміз осы болды.

\*\*\*

Эми Шилдс жұмысқа қатынайтын 11-троллейбустың ырығалып-жырғалған жүрісін әрдайым әдемі өзілмен келемеждеп жүретін. Қоштасар сәтте сол троллейбусты да сағынатынын айтты. Бірақ оның астарында не жатқаны түсінікті. Келесі қайтып келгенше сол тасбақаша жыбырлаған троллейбустар жүре берер ме екен?

М.СЕНҒІРБАЙ.

## Страницы из американского дневника

Какие они, американские студенты?

Сразу захотелось написать первую фразу - они разные. Потому что американские студенты - это молодежь со всего мира. С каждым годом число иностранных студентов в Америке увеличивается примерно на 500-600 человек. Несмотря на дорогостоящее университетское образование, мир стремится получить образование в Соединенных Штатах. Боюсь давать всесторонний и глубокий анализ этого феномена. Но могу высказать свое впечатление о некоторых приемах технологии и методики обучения в ОСУ. Прежде всего, покоряет обстановка, которая создается для учебы студентов: Интернет и компьютерное обеспечение. Доступ в Интернет свободен. Компьютерные лаборатории работают круглосуточно. Свободная и нелимитированная распечатка всех документов с компьютера. Библиотека открыта 6 часов утра до 2 часов ночи. Кто-то боится возвращаться домой в два часа ночи? Я тоже боялась, но только первые двадцать метров. Потом меня до самого дома сопровождала полицейская машина, потому что других "преступников" не было. В этом городе редко кто запирает двери машин и домов днем и ночью тоже. Я часто находила на своем телефонном автоответчике послание от своей соседки по "apartment" не закрывать дверь на замок, потому что она забыла ключи дома. Практически весь день квартира была открыта и никаких попыток "грабительства".

Жилищные условия. Студенты первого курса обязаны жить в общежитиях. В городе 4 высотных здания общежития. В комнате живут по два человека. Соседа по комнате студент выбирает сам. Удобства на каждом этаже. В здании столовая, буфет, прачечная. Вокруг общежития хорошая парковка и спортивная площадка. Выход и вход в здание свободен круглосуточно.

Первое время я была просто поражена тем, что все студенты с первых же дней учебы сидят в компьютерных лабораториях, занимаются. Нет никакой раскочки. В первое же занятие студент получает на руки полное расписание курса на весь семестр с перечислением всех тем лекций, еженедельных письменных заданий, текущих экзаменов во время семестра, с указанием точной даты и вопросов, выносимых на текущие экзамены, и дату финального экзамена. Кроме того, после трех-четырех недель каждый студент должен провести Презентацию своей темы с использованием компьютерной программы PowerPoint. Несвоевременная сдача задания грозит снижением баллов. Никакие пропуски занятий невозможны, потому что прочитать то обилие материала, которое дает преподаватель на лекциях, невозможно. Как правило, студенты стараются читать литературу по отдельным темам, которую рекомендует преподаватель. На это уходит масса времени. Исключение из университета по неуспеваемости - большая редкость. В этой стране умеют ценить деньги и очень уважают людей, которые работают с энтузиазмом. Это относится и к студентам, и к преподавателям.

В Оклахомском университете на факультете журналистики, куда я была командирована, я старалась выполнять все задания по курсу своего супервайзера доктора Морин Немечек. Она читала курс "Международная журналистика" у магистрантов по специальности "журналистика". В общей сложности я сделала всего три задания: Презентации по двум темам - "Интернет в Казахстане", "Рекламная журналистика в Казахстане" и ревью по книге о журналистике. Остальные студенты сделали также Презентации по теме Диссертации.

Все задания доктор М.Немечек предварительно описала в Рабочей Программе, и в течение семестра назначала время для консультаций и рассылала расписание студентам по Интернету. Это означало, что каждый студент рабочий день начинал с просмотра своей интернетовской почты. Какие еще задания прислал преподаватель? А таких преподавателей как минимум четыре - 12 часов обязательных и 6-8 кредитных. Четыре предмета за семестр, из них три обязательных. Я смотрела на студентов в перерывах между занятиями, и когда они, со своими тяжелыми рюкзаками за спинами, с бутылкой CocaCola в одной руке и кулечком чипсов в другой, спешили из одного корпуса в другой, они напоминали мне муравьев, которые целый день самозабвенно делают свою работу.

Ажар - Президент CASA

Ажар Тотансва - алматинка. Приехала в Стилуотер с мамой 3 года назад. Здесь окончила среднюю школу и поступила в Оклахомский университет на факультет инженерного дела. У нее безукоризненный английский. Она всех знает

в городе. Ей жить и учиться в нем еще четыре года. Когда бывший Президент Ассоциации студентов из Центральной Азии (CASA) Финчарб Феллас попросил освободить его для завершения работы над докторской диссертацией, многие знали, кто станет его преемником. Ажар - перспективная личность. С сентября по декабрь она провела четыре заседания Ассоциации, на одном из них обсудили и утвердили Конституцию организации. Затем Ажар написала и разослала по Интернету десятки писем всем членам CASA. Настояла и проследила за тем, чтобы была подготовлена WEB-старница Ассоциации. Прекрасно организовала и провела традиционный студенческий показ национальных блюд EXPO, на котором студенты из Узбекистана и Литвы, Казахстана и Белоруссии торговали узбекским пловом и литовскими пирогами, казахскими мантами и белорусскими пирогами с картошкой. Это была первая заявка на существование Ассоциации в этом учебном году, которая, кстати, объединила всех студентов из бывшего Союза. После этого мероприятия Офис международных студентов и ученых оказал спонсорскую помощь Ассоциации. И самое главное, на традиционной встрече выпускников Оклахомского университета, который проводится в первую субботу октября и на который съезжаются выпускники ОСУ со всей Америки, Ажар Тотанова, эта хрупкая девочка из Алматы, гордо несла национальный флаг Казахстана, такой знакомый в этой свободной и чужой стране.

Спектакль Каздрамы - как учебный материал в Америке

На одной из встреч ко мне подошел старый знакомый, преподаватель русского языка в ОСУ доктор Кит Трибл и спросил: "Как у вас с казахским языком?" Вопрос поверг меня в изумление: зачем американцу знать мой родной казахский? Оказалось, что три года назад, будучи в Алматы, Кит снял на видеокассету спектакль Казахского театра драмы им. М.Ауэзова "И дольше века длится день" по роману Ч.Айтматова. В театре ему дали полный синхронный перевод спектакля на 50 страниц. И вот уже третий год он не может сделать субтитры на английском языке, потому что текст нужно значительно сократить. Ему требовался человек со знанием казахского, чтобы можно было отредактировать текст и точно подставить субтитры.

Это был трудный, но по-настоящему творческий процесс. Сначала я полностью прочитала перевод спектакля с русского на английский, затем началась работа по сокращению текста. Чтобы не потерять основное значение каждой мизансцены, приходилось внимательно слушать, решать, что важно, что можно опустить... Самой интересной частью работы было проставление субтитров в телестудии, где техника позволяла перематывать пленку, правильно и красиво располагать субтитры, корректировать их по ходу действия. Это было интересно для меня с профессиональной точки зрения, я имела возможность сравнить как работают наши телевизионщики и как готовится телевизионная продукция в Америке. Звучала английская, русская, казахская речь. Меня согревало сознание того, что американские студенты будут слышать казахский язык, будут понимать, о чем говорят актеры, прикоснутся к великой прозе азиата Чингиза Айтматова, и я была бесконечно благодарна Киту Трибблу за то, что и я имею к этому непосредственное отношение. А главное, в Америке я получила еще одно подтверждение такой простой и такой гениальной мысли: Не границы и расстояния разъединяют людей. Людей разъединяют язык и культура". Но ведь в наших силах сделать все, чтобы научиться понимать чужой язык и уважать чужую культуру. Надо только иметь желание сделать это"

Шарван НУРГОЖИНА  
доцент факультета журналистики



Газет көтерген мәселе

## "Біз кімнен кембіз?.."

Дәл осындай тақырыппен осыдан аттай 11 ай бұрын газеттің бүгінгі мен болашағы туралы келелі мәселе көтерген едік.

Қарашаның 9-ы күні ректорат мәжілісінде "Қазақ университетінің" бір жылдық есебі тыңдалды. Арнайы құрылған комиссияның қорытындысы бойынша газеттің соңғы уақыттағы жетістіктері қанағаттанарлық деп табылып, негізгі әңгіме газеттің таралымын көбейту, беделін көтеру мүмкіндіктеріне ойысты. Бізді қуантқаны - газет журналистері мен құрылтайшыларының газетті студент мүддесіне бейімдеу туралы ой-пікірлерінің бір жерде тоғысуы. Осы мәжілісте құрамында журналистика факультеті мерзімді баспасөз кафедрасының меңгерушісі доцент Б.Ө.Жақып, тарих факультетінің деканы, профессор К.Н.Бурханов, бухгалтер Д.Р.Жігітқожа жұмыс істеген тексеру комиссиясының газет жұмысы туралы анықтамасы тыңдалды.

Талқыланған мәселелер негізінде Ректорат мәжілісі арнайы қаулы қабылдады.

Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ, "Қазақ университеті" газетінің бас редакторы :

## "Біз ешкімнен кем емеспіз..."

Қадірлі ұстаздар!  
Құрметті әріптестер!



"Қазақ университеті" газетінің биыл 9 номері жарық көрді. Егер күн сайын шығып тұрса, онда газет 9-ақ күн жұмыс істеді деуге болады. 9 шығарылымда айды аспанға бір-ақ шығардық дей алмаймын. Күнделікті шығатын газет пен айына бір шығатын газеттің жұмыс істеу қалпын, пәрменділігі мен икемділігін, үшқырлығы мен ұтымдылығын салыстыруға болмайды.

Біздің басылым айына бір шығатын журналмен де шендестіруге келмейді. Газет пен журналдың бағдары да бөлек, басылуы да өзгеше.

Біздің басылымның жұмыс істеу жүйесі де, құрылымы да, таралымы да, ең бастысы бағыты да басқа, оқырман қауымы да бөлекше. Біз тек 1999 жылға дейінгі болмысы мен бүгінгі қалпын ғана салыстыра аламыз.

Ең басты баға оқырмандар құзырында. Оқырман - сыншы, көреген, білгір, соның бағасы әділ. Біз өзімізге өзіміз баға бере алмаймыз. Мақсат - ол емес. Мақсат - сіздермен ақылдаса отырып, өткенімізді саралап, келешегімізге бағыт алу. Олқылық болса толтыру. Қайтсек, газетті жандандырамыз деген ізгі ниетпен пікір алмасу. Әрине, оқырман алдында істеген ісімізге есеп беруді парыз санай отырып, өз тарапымыздан қандай талпыныстар жасағанымызды айта кетуді артық көрмедік.

Біріншіден, мемлекет мүддесіне сай университетіміз жүргізіп отырған оқу, білім, ғылым, тәрбие саласындағы күнделікті қоғамдық-әлеуметтік өміріндегі тіршілік тынысын әділ көрсетуге тырыстық.

Екіншіден, университетіміздің берісі республикадағы, арысы халықаралық аренадағы өзіндік орнын көрсетуге назар аудардық.

Үшіншіден, республика өміріндегі, әлем тынысындағы болып жатқан қоғамдық-саяси жаңалықтар мен өзгерістерге де орын бердік.

Төртіншіден, осындай мазмұнына сай пішіні болуын қарастырдық. Жаңа безендіру тәсілдерін, оқырманға жетімді де өтімді тәсілдерін қолдануға талпындық.

Бесіншіден, газеттің пәрменділігіне жол ашсақ деген ниетте болдық. Өзін-өзі қаржыландыру жолында

жарнамаға жол ашып көрдік.

Алтыншыдан, газет таралымы мен авторлар құрамы ауқымын кеңейтуге күш салдық.

Енді, газет қайтсе жанданады деген мәселе тәңірегінде өз ұсынысымыз:

1. Газетке бақылау қоюға тиым салу. Бар жауапкершілік, Бас редакторға және редакцияның өзіне жүктелсе.

2. Газеттің өз Жарғысы бекітіліп, сол жарғыға сәйкес заңды түрде әрекет ету.

3. Газет дербес ақпараттық мекеме ретінде қайта құрылса (Баспа құрамынан шығарылуы керек).

4. Редакцияның штаттық кестесі қайта қаралуы тиіс.

5. Редакция жаңа заманға сай жаңа компьютерлік техникамен жабдықталып, терілу, безендірілу, басылу процестері өзінде жүргізілгені тиімді.

6. Газеттің таралу ауқымын кеңейту мақсатында жазылу индексін алып, жазылу жүйесін жолға қою - кезек күттірмес мәселе.

7. Индекс алынғанға дейін тізім бойынша жазылуды жүргізуді тәжірибеге енгізіп көру керек.

8. Газеттің ақылдастар алқасы мен редакциялық кеңестің міндеттері айқындалып, бекітілуі тиіс.

9. Газет авторларына, қызметкерлеріне қаламақы, сыйақы беруді жолға қою.

10. Газетте ақылы жарнама беруді жолға қойған жөн.

11. Газеттің формасын үлкейту, тиражын көбейту де басты назарда болған жөн. (А4-тен А-3-ке көшу, ол үшін көбейту жабдығын сатып алу).

Осындай жұмыстар жүзеге асса, газет жұмысы біршама жанданар деген ниеттемің.

Біз ешкімнен кем емеспіз.

Бауыржан ЖАҚЫП,

тексеру комиссиясының төрағасы:

## "Газет жұмысы қанағаттанарлық, бірақ..."



"Қазақ университеті" газеті өзіне жүктелген міндеттерді қалай атқарып жатыр?

Ең алдымен, 1998 жылдың қараша айынан бастап шығарылған газеттің 11 нөмірі мазмұндық, көркемдік, безендірілу, журналистік талап тұрғысынан қаралды.

Бұл ретте мынадай жайттарды бөліп айтқанды жөн көрер едік:

- газет бетінде қоғамдық өмірдегі, ел өміріндегі елеулі саяси оқиғалар, мемлекет мерекелері үнемі қамтылып отырған. Оған дәлел - "Президент сайлауы", "Ораза айт", "Халық санағы", "Наурыз мерекесі", М.Х.Дулати бабамыздың 500 жылдық мерейтойы", "Қ.И.Сәтбаев мерейтойы", "Республика күні", "Парламент мәжілісіне сайлау", тағы басқа қоғамдық ірі оқиғалар мен мерекелерге арналған тұтас беттердің ұйымдастырылуы.

- университеттегі оқу процесі туралы материалдардың жариялануы. Университеттегі көп сатылы оқу жүйесі, оның ерекшеліктерін түсіндіру мақсатында жазылған жарияланымдардың рөлі зор. Сессия туралы беттер беріледі.

Абитуриенттерді қабылдау туралы берілетін материалдар да дер кезінде жарық көрген (№5). Осы жерде мынадай ой туады: 1) болашақта абитуриенттерге қажетті мағлұматтар, қабылдау Ережесі осы газетте жарияланса; 2) қабылдау турларының қорытындылары жарияланса, әрбір абитуриент, оның ата-аналары осы газетті алар еді.

Тағы бір ескеретін жайт - біздің университетті бітірген түлектер туралы, кім қайда қызмет атқарып жүр, деген сияқты деректер, материалдар берілсе, артық болмас еді.

Еді.

- Университет тыныс-тіршілігі туралы хабарлар топтастырылып беріледі. Олар "Ақпарат-айдын", "Ақпарат-шуақ" айдарларымен жарияланған. "Әлем-ақпарат" деген рубрикамен Интернеттен келіп түскен жаңалықтар жарық көріп отырады.

- Университет ғалымдары, оқытушылары туралы толғаныстар, сұхбаттар, материалдар тұрақты беріледі. Мәселен, осы 11 нөмірдің өзінде Х.Сүйіншәлиев, Ж.Дәдебаев, Н.Данаев, Фадли Әли, З.К.Валиханова, Г.В.Винокуров, Н.И.Гайнуллина, Ө.Шеденов, Ш.Смағұлов, Ө.Күмісбаев, С.Оспанов, Б.Нұржанов, А.И.Арещенко, М.П.Танашева, А.С.Соловьев, т.б. туралы материалдар, құттықтаулар қамтылған.

- "Ана тілің - арың" айдары бойынша университет ректорының "Оқу орындарында мемлекеттік тілді қолданудың аясын кеңейту туралы" бұйрығы, басқа да қазақ тілі мәртебесін көтеру туралы бірнеше мақалалар жарияланған.

- Студенттер өмірі көрініс табады. Әсіресе "Студент студент көзімен", "Көңіл толқыны" деген рубрикалардағы жастардың көзқарастары берілуі құптарлық.

Жекелеген факультеттер туралы берілетін мағлұмат-деректер арнаулы беттер бар. География, биология, философия және саясаттану факультеттері туралы жарияланымдар - соның дәлелі.

- Университеттегі кәсіподақ ұйымының жұмысы ұдайы көрсетіліп тұрады. 1998 жылы 7 нөмірде ҚазМУ кәсіподағы жұмысын көрсететін материалдарға бөйге жарияланыпты.

Бірақ бөйге қорытындысы шығарылмаған. Мұндай шаралар авторларды, әсіресе студенттерді ынталандыру үшін керек. Университет ректораты, факультеттер тарапынан да мұндай конкурстар жарияланып отырса, газетке деген қызығушылық арта түсер еді.

"Құлаққағыс" деген рубрикамен университетте өтетін диссертация қорғау туралы бірді-екілі хабарландыру басылған. Осы мәселеге назар аудару керек. Өз университетімізде қорғалатын диссертациялар туралы қысқа хабарландырулар міндетті түрде жарияланып отыруы қажет. Оны диссертациялық кеңестің ғалым хатшылары қадағалауға тиіс. Және хабарландыру ақылы түрде берілгені дұрыс.

- Журналистік талап тұрғысынан, көркемдік, безендірілу жағынан газеттің кейінгі нөмірлерінде ілгерілеушілік бар. Мәселен, газеттің бірінші бетінен-ақ қандай материалдар жарияланатындығын аңғаруға болады. Қай бетке не берілетіні көрсетіледі. Бірінші беттегі қысқа ақпараттар, кейінгі беттерде таратылып, талданып, кеңейтіледі.

Жаңа формадағы материалдар да жоқ емес: мысалы, "Я беседовала с А.Алимжановым" 1999, №6-7,

## Газет Сіздердің көмектеріңізге зәру!

Араға 51 жыл салып біз бұл сұраққа қайта оралуға мәжбүрміз. Қандай болмасын жаңа басылым дүниеге келерде ол ең бірінші "Не үшін? Кім үшін? Неге? Қалай?" деген төрт сұраққа жауап беруі қажет. Яғни, позиция айқын болуы керек.

Алдағы ақпарат ғасырына аяқ басқалы тұрғанда біз де "Қазақ университеті" газеті не үшін қажет және кім үшін жұмыс істейді?" деген сауалға жауап іздедік. Шындығында "Қазақ университеті" кімнің газеті? Аты айтып тұрғандай университеттің газеті, ал университеттің өзі студент үшін жұмыс істейді, яғни студенттердің басылымы болуы керек қой? Бірақ шындыққа жүгінер болсақ, ҚазМУ-де білім алып жүрген студенттердің 80%-і мұндай газеттің бар екенін де білмейді. Бұл - газет ауамен жұмыс істеп отыр деген сөз.

Газеттің бар-жоғы бес жүз данасының 90%-і ҚазМУ-дің 14 деканатына қылдай бөлініп таратылып беріледі екен. Әр факультетке қырық шақты ғана санынан келетін газет негізінен оқытушы қауымынан артылмайды. Сондықтан да, газеттің кейбір сандары студенттер қолына мүлдем тимейді десе де болады.

Қанша жақсы болса да, нысанасын таппаған идея - жетім идея. Ол далаға атылған оқпен бірдей. "Студент мәселесі, жастар дерті" деп қанша дабыл қақса да, үні негізгі электоратқа жетпеген соң айтпаған сөз, төгілген терден не пайда?

Міне, осы мәселелердің басын ашпай тұрып "Қазақ университеті" өз жұмысын жалғастыра

алмайды. Газет ең бірінші өзінің оқырманына қызмет етуі тиіс, соның мүддесін қорғауға міндетті.

Бүгінгі "Қазақ университетінің" оқырманы кім? ҚазМУ-дің оқытушы-профессорлық құрамы ма? Ендеше газет соларға қызмет етсін! Ахмет айтқандай, "көзі, құлағы нәм тілі" болсын!

Ал "Қазақ университеті" студент мүддесін қорғауы қажет деген шешімге тас түйін болып бекінер болсақ, онда газеттің ең бірінші және тек Студенттер сөзін сөйлейтін, сойылын соғатын басылымға айналуы қажет. Бұл газет таралымын ҚазМУ-дегі студенттер санына орайластырып көбейтпей іске аспайды. Осы дәрежеге көтермей, газеттің мазмұны, мақсаты, сапасы мен жазу мәнері, тақырыбы жайлы сөз ету артық әрі орынсыз.

Бедел біліктіліктен гөрі, белгілілікпен тез жиналады. Ал біліктілік кейін өзін мойындатпай қоймайды.

Аса қадірменді "Қазақ университетінің" оқырманы! Бір кездегі мүйізі қарағайдай 50 жылдық тарихы бар газет Сіздердің көмектеріңізге зәру! 2000 жылға қор жиналмағандықтан, Жаңа жылдан бастап ҚазМУ ішінде өзіміздің төл басылымға 1 жылға толық жазылуын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл өз кезегінде тираж мәселесін де шешіп беруге сөбін тигізер ме еді.

Бұл ұсыныс 1999 жылдың 9-қарашасында өткен Ректорат мәжілісінде айтылған еді. Көпжасар Нәрібайұлы бұл бастаманы өзі қолдап, факультет декандарына қажетті нұсқаулар берген. Газеттің жанашырлары газет ісін жандандыруға бағытталған мұндай талпыныс-әрекеттерді қолдайды деп сенеміз.

Гүлбигаш ОМАРОВА.



Е.Жатқанбаев, проректор:

"Егер газет тиражын көбейтетін болсақ, мәселе өзінше өзі шешіледі. Біздіңде мүмкіндігіміз шектелуі. Қаржы керек болсақ тұр..."

М.Орынханов, проректор:

"Газет жолда болса, күшті хару. Ол ел әуелі студенттерге көмектесуі керек. Студенттерге хатшылық проблемалық мәселе берді, идеяларды кабинетте елестіріп отыру керек. Әзір газет беттерін теріс ме? 500 дана аз, көбейтін сату керек..."





"Жеті буыннан жетелі сөз" №2, 1999, Ұрпақтар сабақтастығы жылына арналған "12 айдың құрметіне 12 бет арнадық", т.б. ұтқырлықпен берілетін шапқалар бар.

Рубрикалар жаңартылып, тақырыптар тауып қойылған. Мысалы, "Ақпарат-шуақ", "Көңіл толқыны", "Мнение", "Ана тілің - арын", халықаралық байланысты көрсететін "Бармасаң, келмесең...", "Международное отношение", аспирант, магистрант, студенттердің ғылыми жұмысына арналған "Ондай болмақ қайда деп...", т.б. рубрикалары.

- Комиссия газеттің авторлық құрамына да назар аударды: К.Н.Нәрібаев - 7, Фадли Әли - 4, Е.Ж.Абулхайырова - 4, З.К.Қабдолов - 3, М.Х.Шигаева - 2, Ж.Д.Дәдебаев - 2, Н.О.Омашев - 2, Л.С.Ахметова - 2, Е.Жамалбеков - 4, Н.Данаев - 2, Ө.Шарипов - 3, Рамазанов, Бурханов, Алдабек, Логинова, Жанбатырова, Наурызбаев, Мұхитдинов, Болдырев, т.б. 1 материал жариялаған. Газетке авторлар көбірек тартылса деген тілек бар.

- Газетте қоғамдық факультеттер туралы материалдар басым. Болашақта жаратылыстану факультеттері туралы да көбірек жазылса.

Ал енді осы газеттен қандай пайда түсірілді? - деген сұрақ заңды түрде туындайды. Газет дәл қазіргі қалпында пайда түсіре алмайды.

1. Тиражы төмен, өзіндік құны жоғары.
  2. Таралым механизмі талапқа сай емес.
  3. Тегін таратылады.
- Егер, газет республикалық газет-журнал каталогына енгізіліп, жүйелі жазылу жүзеге асырылса ғана, газет университет қоржынына пайда түсірер еді.

Газет қазір қандай қаражат есебінен шығарылып отыр дейтін болсақ, өткен жылдың аяғында әрбір факультет бюджеттен тыс қаражат есебінен, барлық жиыны 328000

теңге қаржы бөлген болатын. Мұндағы әр факультеттің үлес салмағы әр түрлі. Бұл да ретке келтіруді қажет етеді.

Қорыта келгенде, комиссия "Қазақ университеті" газеті ұжымының соңғы бір жылда атқарған жұмысы қанағаттанарлық екендігін атап өтеді.

"Қазақ университеті" газетінің соңғы 11 нөмірінің сапасы жақсара түскендігі көрсетілді. Газетте ашылған жаңа рубрикалар, материалдардың берілу, безендірілу көркемдігі, университеттегі оқу, ғылым, тәрбие мәселелерін қамту жан-жақтылығы біршама тәуір деңгейде.

50 жылдан астам тарихы бар "Қазақ университеті" газетін атына заты етіп шығару мақсатында, жүзеге асуға тиіс, кейбір шешімін таппаған мәселелердің бар екендігін айтпасақ болмайды.

- "Қазақ университеті" газетінің өз мәртебесі, дәрежесі, құрылымы, құралы, міндеті мен қызметі әлі де нақты айқындалып, дұрыс жолға қойылмаған.

- Газет редакциясының дербестігі жоқ. Басылым "Қазақ университеті" баспасының бір бөлімшесі ретінде ғана күй кешуде.

- Газет көлемінің "А-4" форматымен шығуы бүгінгі күн талабына сай емес. Жекелеген әріп қателерінің кездесетіндігі көңілге кірбің ұялатады.

- Газетке Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, №1242 куәлік берілгеніне қарамастан, әлі күнге дейін индекс алынып, газет-журналдардың республикалық каталогына енгізілмеген.

"Қазақ университеті" газеті ұжымының жұмысын жақсарту мақсатында, комиссияның мынадай ұсыныстары бар:

- Газеттің қазіргі уақыт талабына сай жасаған Жарғысы бекітілсе;
- Газет редакциясының құрылымы Бұқаралық ақпарат куралдары туралы заңына сәйкес,

қазіргі талапқа сай қайта қаралып, штаттық кестесі ықшам әрі тиімді түрде бекітілсе;

- Газет редакциясы "Қазақ университеті" баспасының құрамынан шығарылып, дербес ақпараттық мекеме ретінде қайта құрылса;

- Газет редакциясы тиесілі компьютерлік техникамен қамтамасыз етіліп, басылым көлемі "А-3" форматына көшуіне күш жұмсалса;

- Тез арада газеттің өз индексі алынып, жаңа жылдан бастап республикалық газет-журналдардың жазылу жөніндегі каталогына енгізудің іс шаралары қолға алынса;

- Газеттің таралу, сатылу механизмі ойластырылса;

- Бұқаралық ақпарат жүйесіндегі бүгінгі талапқа сай газетке жарнама, хабарлама, құттықтау берудің ақылы болуы жолға қойылса;

- Газеттің бас редакторына Заңға сәйкес жауапкершілік жүктелсе;

- Газетті шығаруға қаржы табудың, яғни өзін-өзі қаржыландырудың басқа да тиімді жолдары қарастырылып, газет маркетингінің әдіс-тәсілдері пайдаланылсын. Ол үшін газетті алдымен Алматы қаласына, кейін республика аумағына таратудың жолдары қарастырылса;

- Факультет декандары, бөлімшелер басшылары әр факультет оқытушыларының, студенттерінің, бөлімшелер қызметкерлерінің университеттің тел газетіне жазылуын ұйымдастырса;

- "Қазақ университеті" газетінің авторлық құрамын кеңейту, тарату механизмінің ретті жүзеге асуын ұйымдастырса.

- Осы мәселелер реттелгеннен кейін, авторларға қаламақы төлеудің, моральдық, материалдық тұрғыдан ынталандырудың жолдары қарастырылса.

Комиссия ұсыныс-пікірлер ескеріледі деген ойдамыз.

## әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті Ректораты мәжілісінің ҚАУЛЫСЫ 9 қараша 1999 ж.

### "Қазақ университеті" газеті редакция ұжымының қазіргі жұмыстары мен міндеттері туралы

"Қазақ университеті" газетінің бас редакторы С.Медеубекұлының есебін және құрамында тарих факультетінің деканы, профессор К.Н.Бурханов, журналистика факультеті мерзімді баспасөз кафедрасының меңгерушісі, доцент Б.Ө.Жақып, бухгалтер Д.Р.Жігітекова бар комиссияның хабарламасын тыңдай келіп, университет Ректоратының мәжілісі "Қазақ университеті" газеті ұжымының соңғы бір жылда атқарған жұмысы қанағаттанарлық екендігін атап өтеді.

"Қазақ университеті" газетінің соңғы 11 нөмірінің сапасы жақсара түскендігі көрсетілді. Газетте ашылған жаңа рубрикалар, материалдардың берілу, безендірілу көркемдігі, университеттегі оқу, ғылым, тәрбие мәселелерін қамту жан-жақтылығы біршама тәуір деңгейде.

50 жылдан астам тарихы бар "Қазақ университеті" газетін атына заты етіп шығару мақсатында, жүзеге асуға тиіс, кейбір шешімін таппаған мәселелердің бар екендігін айтпасақ болмайды.

- "Қазақ университеті" газетінің өз мәртебесі, дәрежесі, құрылымы, құралы, міндеті мен қызметі әлі де нақты айқындалып, дұрыс жолға қойылмаған.

- Газет редакциясының дербестігі жоқ. Басылым "Қазақ университеті" баспасының бір бөлімшесі ретінде ғана күй кешуде.

- газет көлемінің "А-4" форматымен шығуы бүгінгі күн талабына сай емес. Жекелеген әріп қателерінің кездесетіндігі көңілге кірбің ұялатады.

- газетке Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, №1241 куәлік берілгеніне қарамастан, әлі күнге дейін индекс алынып, республикалық газет-журналдардың каталогына енгізілмеген.

Ректорат мәжілісі қаулы етеді:

1. Газеттің қазіргі уақыт талабына сай жасаған Жарғысы бекітілсін.
2. Газет редакциясының құрылымы Бұқаралық ақпарат куралдары туралы заңына сәйкес, қазіргі талапқа сай қайта қаралып, штаттық кестесі ықшам әрі тиімді түрде бекітілсін.
- Газет редакциясы "Қазақ университеті" баспасының құрамынан шығарылып, дербес ақпараттық мекеме ретінде қайта құрылсын.
- Газет редакциясы тиесілі компьютерлік техникамен қамтамасыз етіліп, басылым көлемі "А-3" форматына көшуіне күш жұмсалсын.
- Тез арада газеттің өз индексі алынып, жаңа жылдан бастап республикалық газет-журналдардың жазылу жөніндегі каталогына енгізудің іс-шаралары қолға алынсын.
- Газеттің таралу, сатылу механизмі ойластырылсын.
- Бұқаралық ақпарат жүйесіндегі бүгінгі талапқа сай жарнама, хабарлама, құттықтау берудің ақылы болуы жолға қойылсын.
- Газетті шығаруға қаржы табудың, яғни өзін-өзі қаржыландырудың басқа да тиімді жолдары қарастырылып, газет маркетингінің әдіс-тәсілдері пайдаланылсын. Ол үшін газетті алдымен Алматы қаласына, кейін республика аумағына таратудың жолдары қарастырылсын.
3. Проректорлар Е.Б.Жатқанбаевқа, М.Қ.Орынхановқа, З.Н.Мырзабековке, кәсіподақ төрайымы Л.С.Ахметоваға, журналистика факультетінің деканы Н.О.Омашевқа осы белгіленген іс-шаралардың жүзеге асуын қадағалау тапсырылсын.
4. Факультет декандарына бөлімшелер басшыларына:
  - Әр факультет оқытушыларының, студенттерінің, бөлімшелер қызметкерлерінің университеттің тел газетіне жазылуын ұйымдастыру жүктелсін.
  - "Қазақ университеті" газетінің авторлық құрамын кеңейту, тарату механизмінің ретті жүзеге асуын ұйымдастыру міндеттелсін.

Кенес төрағасы,  
ректор  
Ғылыми хатшы  
К.Н.Нәрібаев.  
А.А.Жұбанова.

## Какая должна быть наша газета?

Во-первых, я бы хотел бы видеть университетскую газету интересной. Чтобы в ней публиковали что-то свое, эксклюзивное и оригинальное. Ведь многим уже надоело перепечатки и переводы публикуемые "Караваном" и "Временем".

Во-вторых, хотелось бы, чтоб отражались проблемы современной молодежи, ее взаимоотношения с таким сложным ныне миром...

Артём МИУСОВ,  
студент 3 курса журфака.

Единственное, что я хочу пожелать газете "Қазақ университеті" - это регулярно печатать произведения студентов, их стихи, рассказы.

Зухра ТОБАЕВА.

Я вижу студенческую газету не очень большой по объему, поскольку толстые книги газетной бумаги отпугивают потенциальных читателей. Необходим яркий необычный макет с материалами не более 200 строк и без всяких продолжений. Не помешали бы кроссворды с заданиями, схожими с учебной программой ( в качестве игровых форм обучения ). Обязательна информация о культурно-досуговых мероприятиях, необходима реклама услуг, необходимых студенту (ксерокопирование, компьютерный набор и т.д.). И еще, студенческую газету должны делать студенты, это я к тому, что нужно шире привлекать для работы в газете как можно больше будущих журналистов. Где, как не здесь оттачивать свое мастерство?

Олег ТАРАН,  
студент 3 курса  
заочного отделения журфака.

Бет қатталып жатқанда...

"Қазақ университеті"

газетінің бас редакторы С.Медеубекұлы мырзаға

Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 1994 жылы ақпан айының 7 жұлдызында 1242 нөмірмен тіркелген, республикалық "Қазақ университеті" газетіне жазылу ұйымдастыру үшін 65989 индексі берілгенін хабарлаймыз.

Баспасөз тарату  
Басқармасының бастығы

С.Ж.Басымбекова.



К.Нәрібаев, ректор:

"11 факультет 100 данадан жазылса, 1100 болады. Осы жазы газеттің жағдайы бір аз көтереді. Декандар, комлекссіздер! "Қазақ университеті" - бітімізге қарап отырған газет. Осының бағыт-бағдарына біздің университетіміздің бейнесі көрінеді..."

### Ш.Беркімбаева, кадр бөлімінің бастығы:

"Жоқ, әсерден проблема тудырмау керек. Газетке байланысты жұмысты студенттер емес, штаттағы қызметкерлердің атқарғаны дұрыс.

Жоспарлау-қаржы бөліміне редакторлық штат орнына бас редакторы штаттың кіргізіп, оның қызметін жауапты хатшыдан жоғарылату қажеттігін бірлесіп рет айтқанбыз..."



### Ж.Дәдебаев, декан:

"Болтыр жазылуының механизмі болған жоқ. Егер дәл бағысқан айтылса, комлекссіз, Аудымен университеттің ішіндегі тірлікпен өсетінін дұрыс жасама деп көрей..."





**Журналистика факультетінің деканы Намазалы Омашұлы - адал еңбегі мен шығармашылық қуатының арқасында публицист қайраткер деңгейіне көтерілген, елге танымал азамат. Оның ұзақ-сонар тізімді құрайтын атак, лауазымы мен мен ғылыми еңбектерін тізбелеп, жаттандылыққа ұрынғым келмейді. Олай өткенді енегелі ұстаздың өзі де қаламайды.**

Лауазым демекші, мынау тұрлауы ғайып тоқсан тарау тірлікте талайлардың салмағы лауазымынан жеңіл келіп, тұманды күні адасқан жандай күйгелек күйге түсетінін де көргеніміз бар. Нәкен ондайлардың қатарынан емес. Қандай істі қолға алса да өзіне тән сергектікпен, асқан жауапкершілікпен қарап, терең бажайлап алып кірісетін қасиеті әрдайым-ақ беделге жеткізіп келеді.

Адамның бойындағы барлық энергия дұрыс бағытталған жағдайда кез-келген істі еңсеретін орасан күш пайда болады, - дейді ол кісі. Осы ойды Нәкеннің өзі ісімен дәлелдей алатындығын оның іскерлік, ұйымдастырушылық қабілеттерінен айқын аңғаруға болады. Ол басшылық ете бастаған соңғы төрт жыл ішінде журналистика факультетінде жасалған игі өзгерістер бұл сөзімізді дәлелдей түседі.

Факультеттің оқу жоспары журналист мамандар дайындаудың бүгінгі заманғы талаптарына сәйкес түгелдей жаңартылды. Екі сатылы білім беру жүйесінің заңдылықтарына сәйкестендіріліп, болашақ журналистерге аса қажет деп саналатын жаңа пәндер енгізілді.

Жағдайы жоқ студенттердің білім алу мүмкіндігі төмен болатындығын басты назарда ұстаған факультет деканы университет басшылығымен келісіп галай жылдардан бері тозып біткен №5 студенттер жатақханасын күрделі жөндеуден өткізді. Қазір бұл жатақхана шәкірттердің құтты мекеніне айналған.

Маманның жақсы болмағы ұстаздың қадір-қасиетінен деп түсінетін Намазалы Омашұлы факультеттің оқытушылар құрамын да көпшілікке танылып үлгерген, қаламы қарымды журналист-



публицистермен толықтырды. Республикамызға белгілі Ш.Елеуқенов, К.Смайылов, М.Құл-Мұхаммед, С.Әбдірайымов, Н.Жүсіп т.с.с. ғалымдар мен қаламгерлер студенттік аудиторияға тартылды. Олар теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, жоғары тәлім беруде.

Студенттерді мамандыққа баулудың шын мәніндегі тиімді жолдарын іздестіру нәтижесінде факультетте "Сана" телерадиостудиясы жұмыс істеп келеді. Бұл студияның қазақ және орыс тілдерінде дайындаған студенттік хабарлары мемлекеттік телерадиоарналардан таратылады.

Сонымен қатар факультет деканының басшылығымен мамандандырылған жаңа оқу залы ашылып, студенттер мен оқытушылардың игілігіне қызмет етуде. Мұндағы көп кітаптар ішінде Нәкеннің өзі жеке кітапханасынан тарту еткен 300-ден астам ғылыми оқулық та бар.

1996 жылы факультетте ЮНЕСКО-ның Орталық Азия мен Қазақстандағы журналистика проблемаларын зерттеу жөніндегі кафедрасы ашылды. Бұл кафедраның меңгерушісі - біздің күрметті кейіпкеріміз. Ол ЮНЕСКО-ның сол кездегі Алматыдағы өкілі Мартин Хэдлоумен тіл габысып университет үшін де, факультет

## Жақсының жақсылығын айт...

Журналистика факультетінің деканы Н.Омашұлы туралы үзін сыр

үшін де пайдалы көптеген істерді тындырды.

"Жұмыс істегісі келген адам мүмкіндік табады, жұмыс істегісі келмейтіндер желеу табады" деген қанатты сөз бар. Өзгелер жоқты желеу етіп жүргенде журналистика факультетінде Интернет жүйесіне қосылған компьютерлік кластың презентациясы да өткізілді. Сөйтіп, студенттеріміз әлемдік еркін ақпарат алмасу кеңістігіне енуге мүмкіндік алды. Бұл класқа компьютерлік техниканың соңғы кездегі жаңа түрлері орналастырылған, көрсен кезің қуанады. Жайнап тұр. Сол сияқты факультеттегі радио, теле, фото студиялар қазіргі талап-талғамға сай күрделі жөндеуден өткізілді. Әсіресе фотостудияда жасалған "евроремонт" ауыз толтырып айтуға лайық.

"Қалауын тапса қар жанар" дегендей баспасөз орталығы мен мәжіліс залы да жаңаша жабдықталып, жарқырап шыға келді. Ал ЮНЕСКО кафедрасының көз тартар көрінісі кез-келген елден келген қонақтарға қысылмай көрсетуге тұрарлық.

Осындай шаруашылық жетістіктерімен қатар факультетте ғылыми ізденістерге де данғыл жол ашылды. 1997 жылы 17 маусымда республикамызда тұңғыш рет ашылған "10.01.10 - журналистика" мамандығы бойынша диссертациялық Кеңес бүгінге дейін жиырмадан астам жас ғалымға кандидаттық диссертация қорғатып шығарды. Н.Омашұлы төрағалық ететін бұл Кеңестің құрамында елге танымал, ауыз дуалы, алдыңғы толқын ағалар баршылық. Өзірге Орал тауынан бергі манайда аталған мамандық бойынша өзге диссертациялық Кеңес жоқ.

Соңғы жылдары факультеттің шетелдік оқу орындарымен қарым-қатынасы дұрыс жолға қойылды. АҚШ,

Канада, Филиппин, Франция, Польша, Ресей, Қытай, Корея, Германия, т.б. елдердің журналистік білім беру жүйелерімен халықаралық байланыс орнатылды. Американың Оклахома мемлекеттік университеті жанындағы журналистика мектебімен бірігіп жасалған тәжірибе алмасу бағдарламасы бойынша факультеттің 10-нан астам ғалымдары сол елде болып, түрлі ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарымен айналысты. Соған сәйкес Моурин Немечек, Джек Хадсон, Стив Слезерс, Эми Шилдс, Ричард Фейллоус т.б. американдық профессорлар әрқайсысы бір-бір семестр бойында журналистика факультетінде дәріс оқыды. Мұның студенттер үшін пайдасы орасан зор болды. Осындай игі істердің бәрін басында факультет деканы Намазалы Омашұлының жүргенін мақтанышпен айтамыз.

Тіпті спорттық жарыстардың кезінде де журналистика факультетінің үнемі жеңіс тұғырынан көрінуі кездейсоқтық емес. Университет көлемінде өтетін спартакиада ойындарында факультет деканы үнемі өз командасының қасынан табылады. Жуырда ғана футболдан өткен ҚазМУ кубогы үшін сайыс сөзіміздің нақты айғағы. Команда мүшелеріне біркелкі киім үлгісін алып беріп, ақтық ойындарға дейін мұқият қадағалап отыруы басшы адамның спортқа деген ерекше ықыласын аңғартса керек.

Сондай-ақ ол кісінің өнер атаулыны қатты қастерлеп, қадір тұтатынын, эстетикалық мұраттарға, әсемдік елеміне інкерлығын айтпауға болмас. Көп нәрсені тереңнен танытын сергек сезім, үшқыр қиял бытырғы жылы оны "факультет жанына халық аспаптар ансамблін күрсақ" деген ойға жетеледі. Бұл мақсаттың жүзеге асқандығына биыл бәріміз куә болдық.

Құрамына факультетіміздің талантты студенттері іріктеліп алынған "Қарлығаштар" ансамблінің бүгінгі қадамдары көңілге көп үміт ұялатады. Көркемдік жетекшілікке Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториядан арнайы маман шақырылды. Ансамбльге түрлі музыкалық аспаптар мен ұлттық киім үлгілері алып берілді. Журналистика факультетінде бұған дейін мұндай жеке көркемөнерпаздар ұйымы болған емес.

Н.Омашұлының қолға алуымен факультет жанындағы М.Сералин атындағы өдеби бірлестіктің ұзақ жылдар бойы тоқтап қалған жұмысы қайта жанданды. Осы бірлестіктің ұйымдастыруымен көптеген ақын-жазушылар, белгілі публицистер, газет-журнал редакциялары, жекелеген өнер адамдары студенттік аудиториямен қауышты.

Соңғы төрт жыл жүзінде факультетте атқарылып жатқан игі шараларды санамалап айта берсек ұзақ әңгімеге арқау болары анық. Қай істің нәтижесін айтсаңыз да Нәкеннің қолтаңбасы сайрап жатыр.

Оншақты кітаптың, 200-ден астам ғылыми, публицистикалық мақалалардың авторы, филология ғылымдарының докторы, профессор Н.Омашұлы өмірде өте қарапайым адам. Жастардың бәрі оның қасынан табылғысы келетіні осы адамгершілік қасиетінен. Әр нәрсені байыбына барып, тереңнен түсінетін ұлағатты ұстаз шәкірттерінің орынды бастамаларына үнемі қолдау көрсетіп, жігер беріп, бағыт-бағдар сілтеп жүреді.

Қазір ол кісінің бір өзі - бір мектеп. Кешелі адамнан өмір сабақтарын үйренудің өзі - үлкен бақыт.

Темірғали КӨПБАЕВ.

филология ғылымдарының кандидаты.



**Жуырда тарих факультеті студенттерімен осы қара шаңырақта неше жылдар бойы білім нәрін шәкірттеріне құйып келе жатқан беделді өрі ұлағатты ұстаз Серік Мектепұлы Мәшімбаевпен 60 жасқа толуына байланысты кездесу кеш өткізілді.**

**Кеште кітапхана ұжымының қызметкерлері, ағамыздың шәкірттері және де осы факультеттің ұстаздары қатысты. Ибраев Е., Қаратаев Б., Торатаев С., Касабулатова С., т.б. ұстаздар ағамыздың мерейтойына арнап жылы лебіздерін білдіріп, құттықтап жатты.**

**Кеш өн-күйге ұласып, қызықты әрі естен кетпес болып өтті.**

Жайық өңірінде туып-өсіп, Кеңес дәуірінде мектепке барып, ер жетіп, он жылдық білім алып, ауыл балаларымен бірге Орал қаласына келіп, қаладағы ауылшаруашылық техникумына түсіп, зоотехник мамандығын алады. Туған

## Ұлағатты ұстаз

ауылында мамандығы бойынша жұмыс істейді. 1960 жылы Кеңес Армиясының қатарына шақырылып, 1963 жылы Отан алдындағы міндетін аяқтап болғаннан кейін Алматыға келіп, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түсіп, 1967 жылы үздік белгімен бітіріп шығады. 1967-1971 жылдарда туған еліне барып, орта мектепте тарих пәнінен сабақ береді. Тәрбие ісі жөнінде директордың орынбасары болып қызмет атқарады. Жастарға білім берумен қатар тәрбие жұмыстарын жүргізеді.

1971 жылы ақпан айында тарих факультетінің шақыруымен жалпы тарих кафедрасына аға оқытушы болып орналасады. Өзін оқытқан ұстаздарымен бірге өмірдің жана белесі басталып, ұстаздардың ұстазы болуына айтарлықтай ықпал жасайды. Тарих факультетінде қазақ тілінде "Оңтүстік және Батыс славян", "Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихынан", сонымен қатар қазақ бөлімі студенттеріне жалпы тарих проблемаларынан арнаулы курстардан дәріс оқыды. Қазақстан жоғарғы оқу орындарында славян тарихынан дәріс тек қана Қазақ мемлекеттік университетінде оқытылатын.

Серік Мектепұлы ұстаздық жұмыспен қатар ғылыми жұмыстарды қатар жүргізіп келеді. 1985 жылы тарих ғылымдарының докторы, профессор У.Шәлекеновтың жетекшілігімен "Орыс-қазақ қарым-қатынасы" тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап шығады. Тарих факультетінде Серік Мектепұлының алдында дәріс тыңдаған шәкірттер қаншама. А.Т.Т өлеубаев, М.Елеуов, Х.Абжанов, А.Садырова секілді ізбасарлары тарих ғылымдарының кандидаттары. Жаңа заман ағымынан қалыспай, Қазақстан тарихының өзекті мәселелерінің бірі - патшалық Ресейдің Қазақстандағы отаршылдық саясатының мәнін, Ресей империясының Қазақстандағы мемлекеттік басқару реформасын жаңа көзқарастар арқылы қарастыратын докторлық диссертациясын аяқтады.

Серік Мектепұлы тарих факультетінің қазіргі заман тарихы кафедрасын басқарып келеді. Кафедра меңгерушісі ретінде Қазақстандағы Польша Республикасының елшісі Марек Говенцкиймен тығыз байланыс орнату нәтижесінде соңғы кезде елшілікпен келісе отырып, Польша тарихының өзекті мәселелерінің бірі - Қазақстанға жер аударылып келген поляктар тағдыры, Кеңес жерінде Аңдерс армиясының құрылуы тарихын зерттеуде.

Көп жылғы ұстаздық еңбек нәтижесіз болған жоқ. "Еңбек ардагері" медалі және мақтау грамоталарымен марапатталды. "Қазақ ССР-інің оқу-ағарту ісінің үздігі" белгісімен марапатталды.

Серік Мектепұлы - үлкен шаңырақ иесі де. Жубайы Тынышкулмен отасқанына 34 жыл толыты.

Гүлім ҚОШҚАРБАЕВА, тарих факультетінің 4 курс студенті.

Гости КазГУ

Арон Атабек:

## “Казахи – очаг древней культуры”

**Арон Атабек - известный поэт с неординарным мышлением и с удивительным видением мира. Он не без основания считает, что отказ от исторических корней, нигилистическое отношение к духовной традиции губительны для национальной культуры. Разрыв связей с собственными истоками, уход от решения проблем национальной действительности, обрекут нашу культуру на бесплодие и потребительскую вторичность.**

**Мы представляем Вашему вниманию, дорогой читатель, интервью с Ароном Атабеком.**

**Корр.:** - В начале 90-х была популярна Ваша книжечка-эссе "Алаш и казахская нация". Ваш прошлогодний сборник стихов "Кочевье памяти по знакам зодиака" ходит по рукам, но приобрести его почти невозможно.

**А.А.:** - Да, сборник вышел крошечным тиражом, и сразу стал библиографической редкостью. Сейчас готова новая книга стихов - "И целая ресница созвездий", а также монография "Казахская руническая письменность древнетюркской эпохи".

**Корр.:** - А Вас не смущает это название? Казахи ведь считаются безписьменным народом?

**А.А.:** - Это одно из заблуждений мировой науки, основанное, с одной стороны, на имперском и европоцентристском подходе к истории, а с другой - на нашей собственной безграмотности. Древнетюркская руническая письменность - до сих пор "terra incognita" для казахских ученых. А ведь в орхонских памятниках и китайских хрониках (а также в летописях других народов) четко указаны названия племен, входивших в Великий Тюркский

Каганат. Это: Ашина-Алшын, Берч-Берш, Алише-Алаша, Байырку-Байулы, Тан-Тана, Тоба-Тобын, Эдиз-Адай, Аз-Уак, Алунь-Аргын, Сегиз Огуз-Найман, Усунь-Уйсунь, Кенгерес-Ханглы, Дулу-Дулут и т.д. в моей таблице этнонимов - более 40 идентификаций только по древнетюркскому периоду. Все эти племена - в казахском народе. Начинать историю казахов с 15 века, с одного из эпизодов внутридинастийной борьбы чингизидов (уход Керей и Жанибека от хана Абулхаира) - просто абсурд!

**Корр.:** - С какого же века начинается история казахов?

**А.А.:** - История уходит вглубь - к сакам и турам. Но пока достаточно остановиться на периоде Каганата, 6-8 века н.э., который точно описан как в самой рунической литературе, так и в трудах древних историков. От Великого Каганата до Республики Казахстан - 14 веков генетической и социокультурной преемственности.

**Корр.:** - Вы хотите сказать, что древние тюрки - и есть казахи?

**А.А.:** - Именно!

**Корр.:** - А как же быть с другими тюркскими народами?

**А.А.:** - Все остальные тюркские народы - это искры от костра казахского (тюркского) номадизма. Пафос и идея Орхонских Памятников: кочевать - но не становиться оседлыми! Вечная Родина (Бенгу Ел) - возможна только при кочевых империях! Но жизнь есть жизнь. Многие племена оседали на завоеванных территориях, смешивались и растворялись в местных этносах. Иногда от них оставалось только имя (болгары хана Аспаруха из казахского рода Дулат), иногда имя и язык. Все они - наши братья. Но они - искры, а мы, казахи -

очаг. В этом суть.

**Корр.:** - А с какого века появился сам этноним "казак" (казах)?

**А.А.:** - В древнерусских летописях и "Слове о полку Игоревом" зафиксировано имя половецкого хана - Гзак, т.е. казах! Это 12 век. Еще раньше - Косог, южное, "окающее" произношение все того же имени - казак. А это 9-10 века, период Хазарского каганата. Этноним Хазар также является фонетической разновидностью Казак. Но дело не в этом. Кочевые племена с легкостью меняли свои политические, объединяющие имена. Приведем наиболее известные: турыаки (скифы) - гунны (хунну) - тюрки (кок-тюрки) - кумане, половцы, кипчаки - монголы (татаро-монголы) - ногаи - казахи. Но изменение общеполитического имени не изменяло внутренне этнопсихического единства (того феномена, который сегодня называется народом и нацией). Незыблемость родоплеменной структуры ("шежире") служила гарантией сохранности и кочевого народа (нации), и кочевого государственности ("Багу ел" - "Менги Ел" - "Вечная Родина").

**Корр.:** - Очень интересно. Когда же читатели смогут ознакомиться с Вашими книгами?

**А.А.:** "сей век - торгош", - сказал еще Пушкин. Наш век - торгош вдвойне. Проблема издания - это проблема финансов. Но рукописи, как известно не горят. Я надеюсь на Тенгри, аруаков и казахский патриотизм.

Татьяна НУРҰМОВА,  
студентка 4 курса журфака.



Экология

Лазерная очистка сточных вод



С ростом населения, концентрацией его в городах, промышленных регионах, а также с развитием промышленности и транспорта резко повышается уровень водопотребления и сброса промышленных сточных вод и хозяйственно-бытовых сбросов в природные водные объекты...

загрязнения пестицидами наблюдается в Сырдарье, Чардаринском водохранилище. Повышенный уровень загрязнений пестицидами наблюдается непосредственно и в озере Балхаш. К этому добавляются со сточными водами производственного объединения "Балхашмедь" химикаты переработки руд и металлов...

водорослей под влиянием других нежелательных компонентов может привести к полному прекращению жизни в водоемах. Особенно опасны химические средства защиты растений - пестициды. Они, проникая в человеческий организм, накапливаются в его тканях. Не лучшим образом обстоят дела и с качеством питьевой воды из централизованных и децентрализованных источников...

наполовину уменьшить содержание в ней ионов тяжелых металлов. При активации воды энергия квантов лазерного света жадно поглощается молекулами растворенных в воде веществ. Это приводит к процессу распада многих ассоциативных водородных связей, видоизменяет структуру и свойства воды. Возрастает скорость химических реакций и кристаллизации растворенных веществ...

излучением. Причем, чем больше длина волны, тем дольше "помнит" вода об этом воздействии. Она активной влияет на жизнедеятельность микроорганизмов, быстрее растворяет труднорастворимые соли, высвобождает от них почву. Это способствует бурному развитию корневой системы. В лаборатории университета определялось влияние сточных вод на рост развитие растений. Лазерная активация раствора привела к ослаблению вредного влияния ПАВ на зерновые культуры...

Атадан мұра. Ғылыми кітапхана директоры, Қазақстан Мемлекетінің Кітапханалық Ассоциациясындағы жоғарғы оқу орны кітапханаларының секция төрайымы Абылхайырова Евгения Жұмаділқызының жетекшілігімен "Кітапхана қорын сақтау" мәселесі жөнінде үлкен мәжіліс (конференция) болып өтті. А.С.Пушкин - 200 лет. В обстановке торжественного собрания, посвященного 200-летию юбилею А.С.Пушкина недавно прошла книжно-иллюстративная выставка...

Ғалымдар үйінде. Қарашаның 19-ы күні ғалымдар үйінде ғалым, жазушы, сыншы, журналист, мемлекет және қоғам қайраткері, журналистика факультетіндегі аяулы ұстаз Шерияздан Рүстемұлы Елеуеновтың 70 жасқа толған мерейтойы өтті. Қеште елімізге еңбек сіңірген ғалым, жазушы ағалар сөз алды. Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың құттықтау жеделхатын Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Алтынбек Сәрсенбаев мырза жолдады да, той иесінің баспадан жаңа шыққан кітабын сыйлыққа ұсынды...

Шығыс елдерінің тарихы қазақ тілінде. Жаңа кітап. Талабына сай қоғамдық өмірге өзгеріс енгізушілер ретінде жанаңа баға беру мақсаты кезделген. Шығыс елдерінің саяси өмірі, әлеуметтік-экономикалық қатынастары, тұрмыс жағдайлары, материалдық және рухани мәдениеті туралы ұсынылған бағыттардың біздің еліміздің болашақ моделін айқындауға да үлес қоса алатындығы күмән туғызбайды. Бұл еңбекті басшылыққа алып ізденетін оқушы қауым Шығыс елдерінің жұлдызды кезеңі - орта ғасырлардағы тарихынан құнды мағлұматтар алады. Ұсынылып отырған еңбекте Шығыс елдерінің орта ғасырлардағы тарихы толық көрініс тапты деген кесімді шешім айтуға болмайды. Әлі де болса көп ізденісті, жаңа бағыттар ұстауды қажет ететін өзекті мәселелер баршылық. Оларды зерттеу, шешу бұдан әрі де жалғасады деген сенім білдіре отырып, оқу-әдістемелік құралды басаға ұсынамын. Ш.А.ӘМІРБЕКОВ - саясаттану ғылымының кандидаты.

Приходи в РНТБ. Как называлась последняя книга, что вы прочли? Да, и вспомните, где вы листали хрустящие и еще пахнущие типографской краской, а может вылинявшие и одичавшие от многолетнего игнорирования страницы? Проглатывая омет за завтраком? Стоя в автобусе? Болтая по телефону? Но что за неуважение к Книге! Ведь существуют Храмы чтения, так сказать, "аптеки для души". Да, мы с вами думаем об одном и том же, о Библиотеках. А что о них думать - приходи и пользуйся. Благо, что в Алматы в каждом институте, да что там, в каждой школе есть свое книгохранилище и читальный зал. А в таких крупных библиотеках, как Республиканская научно-техническая, только один отдел обслуживания читателей ежегодно посещает 55 тыс. человек, а таких отделов там более четырех. В читальном зале к вашим услугам словари, энциклопедии, справочники, учебные пособия, книги, журналы и газеты (около 350 наименований изданий) по всем вопросам экономики и права науки и техники, изданные в Республике Казахстан, России и других зарубежных странах. А если вы не располагаете временем или желанием сидеть в библиотеке, то здесь и только здесь вы сможете взять домой необходимую вам книгу, а найдут ее в течение 10-15 минут!



17 желтоқсан - Демократиялық жаңару күні

Журналистика сыны

## Аға, Сіз желтоқсанда қайда болдыңыз?

немесе "Қазақ университеті" газетінің бас редакторы  
Сағатбек Медеубекұлына хат*"В этом мире не все можно понять умом.  
Особенно нас".*

## Сағатбек аға!

Күретамыры тарылып, көні кепкен көңіліме кешегі айтқан сөзіңіз емес, ашудан ада, біртүрлі мүсіркей қараған көзіңіз қозғау салып еді. Сосын жыл бойы жоламаған үстеліме жақындап, жүрегімде-ақ жаназасы шығарылып жататын жалқы мұңдарым мен жарымес ойларымды жазғым келген болатын. (Көргенім мен білгенімді дегенім ғой!..)

...Он мәрте ойланып, тоғыз мәрте толғанып, "тапқан табысым" сізге хат болып дүниеге келмекші. Бастапқы нысанам "мақала" болғанымен, қыли аңшының алған шүрегейі хат болып шықты.

Алғашқы айтарым, өу бастан аға тұтып, орынсыз екенін біле тұра інілік шолжаңымды өзіңізге танытқаным тап бүгінгідей есімде болғандықтан, өмірге деген өкпемді өзіңізге базына етіп жеткізіп отырған қазіргі оқыс қылығыма кешірім сұраймын. Әрі Сіздегі парасаттың молдығына титтей де шөк келтірместен мені дұрыс түсінетіңізге сенемін, сенгендіктен ғана тым болмаса бір рет ағымнан жарылғым келеді.

... Кеше ғана жалған дүние жалпақ, жаратқанның жалғыз еркесі мен сияқтанушы едім. Ал, адал өлемдегі аппақ армандарымды жаза бастасам жорғасынан жаңылмайтын тұлпар-қаламым талай ұстаздарымның алдында мақтау естіріп, марқайтатын. Тең құрбымнан өремнің өрісі сынық сүйем де болса озық тұратын. Мойындата алушы едім, бірақ масаттанған емеспін. Бәрі даңғыл болатын. Бүкілі қолмен қойғандай анық-тын. Даңғазға күйден де алыс еді. Енді ше?

Беттің арын белбеуге түйіп, адам түгілі Алланың алдында бедірейетін халге жеттік. Ой көп, тіл жоқ. Бұрынғы түсіністіктен жұрдай болған жетім дүнием ойды тілдің, тілді қаламның түсінетін, сол арқылы санамды сергітетін жұмақ күнімді аңсайды, сағынады.

Аңсаған сайын алыстайтын, сағынған сайын сағымға айналатын сол бір күндерде айтылмаған өнім мен алынбаған өншім қалғандай.

...Аға, мен өлікке айналдым, өлген емей немене, өлексі тәнді сүйретіп, өтірік ғұмыр сүрген соң?!.

Айналама қараймын, қаптаған өлік. Шық таңмен бірге, жапырақ күзбен бірге өлген. Ал, мен оймен бірге. Ойларым өзімді ертеп жіберіпті, өзегімді күйік шалыпты. Есін жия алмастай етіп, мүрдемнің өзін мүрдем кетіріпті. Серпіле де алмаймын, сезім жоқ.

...Таң жалғыз-ақ рет атқан, бағзы күндерде күн жаралғанда. Одан кейін тек күн шықты, күн батты. Иә, өмір сүретін де үркердей ғана топ, өзгенікі өншейін күн өткізу. Ағарып алдыға шықпай, қарайып көштен қалмай, ілбіп жүрсек болғаны. Мен осы қатардамын. Сол үшін Сізден өтірікші деген сөзді де естідім. Жазғым келеді, бірақ жаза да алмаймын. Ойым ойнақшып тұрса да, төгіп-төгіп тастауға тілім жоқ, қаламым да кібіртіктей береді, Айла қылуға шара қане?..

Қазір сабақтан тағы да қашып кеттім. Қасақана. Менің санам саналы түрде ойлай білмегенмен, жүйелі сөздің жүйесін ұға біледі. Дүйім елдің алдында ағаларымнан ондай сөзді естігім келмейді. Өз қасіретім өзімде, өзгелер қайдан сезінсін оны.

Иә, сіздің дауыңыз дайын: "Естігің келмесе, істе, орында, уәде берме", - дейсіз ғой. Мен айтсам аяғына дейін жеткім келеді. Бірақ, талапқа тимесе де талғамды құдай ұрса, қайтейін? Бір сөйлем жазсам да көңілім толмайды. Рухани тоқырау - кері кету емес пе? Ал, шын мәнінде кері кету ше? Біржолата күру шығар. Олай болса, мен құрып барамын. Гүлбигаш айтпақшы: "тағы да іштей тоқырау... Құлдырау... Түбі көрінер емес".

Тірідей өлу! Өлім деген сөз қандай суық естілуші еді, енді құлаққа әбден сіңісті болып кетіпті. Жаным өліп қалған соң, төнге келетін өзирейілден шімірікпейтін сияқтымын...

## Сағатбек аға!

Айыпқа бұйырмай, менің бұл хатымды оңашада өзіңіз ғана оқып көріңізші! Бәлкім, ой таразысына салып, ақыл берерсіз. Мен мына тіршіліктен ештеңе алып та, беріп те үлгерген жоқпын ғой. Сонда бұл не деген түңілу?

Бүгінде менің ойларым шөлмекке тығылған дию сияқты. Шыға алмаған соң шарасыз күйде. Тығыны атылса, тасқындай ақтарылмақ. Әттең, сол күнге қып-қысқа ғұмыр шіркін жетер ме?

"Ведь плачущие мужчины - хорошие мужчины" деп жылағым келеді. Бірақ, кеудеме өксік тығылған сайын шерменде көңілім шертетін күйінен жаңыла береді. Американағанда мен "болып көрінгім келмейді, болып көргім келеді".

Сағатбек аға, сіз мені түсінерсіз, сосын "понять - это значить простить" деген француз мақалын еске аларсыз. сіз мені құтқарып аларсыз, өне, мен сонда сізді мақалаларыммен - мүйіз ойларыммен запы қылармын.

Менің мұным кімге дәрі, кімге зор! Жалғыздықпен жаным мұңдас десем де, жүйрік қиялыммен жағанды шарлаймын, ағымнан жарылатын адал сырлас іздеймін. Бірақ, жерден таба алмадым, бәрібір, байыбына өзім де бара бермейтін жұмбақ ойлардың жартысын жасырып қаламын. Ал, тапқан достарым тілсіз. Артықшылығы - ешкімге сыр шашпайды, кемшілігі - пікір айтып, ойын бөлісе алмайды. Әйтеуір, үнсіз телміреді, бәрін түсінеді.

Енді олар да менсінбейтін болып алды, мен жалғыз қалдым. Мақаланың орнына хат жазып отырғаным да суға кетіп бара жатып, ғайыптан қармаған талым сияқты.

Сабакқа да келмейтіндігім сондықтан. Өмірдің оқуынан ашан шақ қапса, өкіметтің оқуы немді алған?! Пығылмен оқымаған соң партаның артында мүлгіп, өншейін, балл жинау үшін келмекпін бе?

Жоқ, маған мұндай өмірдің қажеті шамалы. Бар мен жоқтың, өлі мен тірінің арасында өмір сүргенше, қолдан келсе "болу" керек, келмесе бордай тозып жоғалу керек. Менің қағидам сол.

P.S. Тәніңді қыл бұрау салып қинағанда, шыдамаса, жан одан шығып кетеді, ал шырқырап жан қиналғанда не болмақ? Және:

А пеплу ведь тоже больно

Ведь над землей сметается

А пеплу ведь тоже страшно

вечно в сердцах стучаться

Люди, не забудьте, - депті Элида.

Сіз не дейсіз?

Айтса да, Аға, Сіз желтоқсанда қайда болдыңыз?

Сөлеммен өзіңіз танитын ініңіз Қарабала.  
4-желтоқсан, 1999 жыл.

## "Санаға" эфир керек!

М ұ н д а  
к е д і м г і  
к е с і б и  
телестудияға  
қажеттінің  
бәрі бар:  
видеокамера,  
монитордан  
б а с т а п,  
монтаждаушы  
аппаратқа  
шейін. Кім  
біледі,  
б е л к і м

болашақ тележұлдыздар алғашқы тырнақалды хабарларын осында түсіріп, алғашқы репортаждарын осында түсіріп жатқан болар.

Шындығында, студенттер бұл аппаратураға экспонат ретінде қарамай, қажетінше қолданып, тіпті шығармашылық ізденістерге барып жатады. Әттең, республикалық эфирге шығатын мүмкіндік жоқ. Балғымбаев үкіметінің "бюджет секвестрінің" "салқыны" "Сананы" да шарпып өтті. "Қазақстан-1" телеарнасынан аптасына 1 рет 20 минут беріліп жүрген хабары "қысқарып" қалды. Телестудияның редакторы ҚОСЫЛҒАН ӘБЖАНОВҚА қойған алғашқы сұрағымыз да осы төңірегінде еді:

- "Қазақстан-1" телеарнасы "Сананы" эфирге шығарудан бас тартты. Оның себебін неден іздеген жөн? "Сананың" тартымсыздығынан ба, әлде эфир уақытының қысқаруынан ба?

Өзімізді ақтап қайтеміз, меніңше екеуі де себепкер болды. Өздеріңізге белгілі, арнаның қаржылық мүмкіндіктері азайып, кешкі 6-дан кейін ғана эфирге шығатын болды. Сондықтан, жаппай қысқарту басталды. Жеке журналистер ғана емес, тұтас "хабарлар" құрбан болды. Оның ішінде тәуірлері де баршылық еді. Міне, осы топтың ішінде біз де кете бардық. Екіншіден, біздің хабардың сапасы да анау айтарлықтай таңдаулылардың қатарынан көрінерлік дәрежеде емес еді. Себебі, бізде хабарды бастан-аяқ журналистикаға жаңадан араласа бастаған студенттер жасайды. Біз жалпы жетекшілік жасаймыз. Әрине, шуу дегеннен "хабарың неге нашар" деп жастарға кінә арту дұрыс емес. Олар өз қатесін өздері түзеп үйренуі керек.

- Көбіне-көп қазақтілді журналистика орыс тілдіге қарағанда солғындау, тартымсыздау болып жатады. Осының сыры неде деп ойлайсыз?

## В вийгрыше все



увлекательной борьбе и преподаватели не взирая на должности, звания и регалии бились на площадке за каждый мяч с мальчишеским азартом. По итогам предварительного этапа определилась четверка сильнейших коллективов, которая и продолжила спор за кубок. В заключительный день соревнований в первом полуфинальном матче команда Ректората победила футболистов АХЧ, а на другой встрече журналисты переиграли химиков.

К сожалению упорной борьбы в финале не получилось. Захватив с первых минут игры инициативу дружина ректората доминировала на протяжении всей игры и нанесла своим соперникам сокрушительное поражение 9:1.

Сильнейшим бомбардиром по итогам турнира стал проректор Куат Баймурзаев, 17 раз поражавший ворота противников. Кроме него призами были отмечены и многие другие футболисты. И хотя не все в дни кубкового турнира испытали радость от добытых побед и завоеванных призов, проигравших здесь не было. Преподаватели в ходе розыгрыша кубка получили большой заряд положительных эмоций, а студенты с интересом наблюдавшие за играми, еще раз убедились, что КазГУ имени Аль-Фараби не зря называют самым спортивным вузом республики.

Гажайып Кумисбек.

## Здоровый образ жизни

Благодаря стараниям председателя спортклуба Касыма Мадиева и старшего преподавателя кафедры физвоспитания Олжаса Андарбаева мини-футбол среди преподавателей и студентов КазГУ имени Аль-Фараби пользуется большой популярностью. Чтобы убедиться в этом достаточно побывать в спортклубе и полюбоваться обилием грамот, кубков и призов, завоеванных университетскими командами по этому виду спорта или присутствовать на одном из турниров. Недавно в спортзале КазГУ состоялись кубковые баталии. Почетный трофей оспаривали восемь дружин, которые после жеребьевки были разделены на две подгруппы.

Все матчи без исключения прошли в увлекательной борьбе и преподаватели не взирая на должности, звания и регалии бились на площадке за каждый мяч с мальчишеским азартом. По итогам предварительного этапа определилась четверка сильнейших коллективов, которая и продолжила спор за кубок. В заключительный день соревнований в первом полуфинальном матче команда Ректората победила футболистов АХЧ, а на другой встрече журналисты переиграли химиков.

К сожалению упорной борьбы в финале не получилось. Захватив с первых минут игры инициативу дружина ректората доминировала на протяжении всей игры и нанесла своим соперникам сокрушительное поражение 9:1.

Сильнейшим бомбардиром по итогам турнира стал проректор Куат Баймурзаев, 17 раз поражавший ворота противников. Кроме него призами были отмечены и многие другие футболисты. И хотя не все в дни кубкового турнира испытали радость от добытых побед и завоеванных призов, проигравших здесь не было. Преподаватели в ходе розыгрыша кубка получили большой заряд положительных эмоций, а студенты с интересом наблюдавшие за играми, еще раз убедились, что КазГУ имени Аль-Фараби не зря называют самым спортивным вузом республики.

Гажайып Кумисбек.

## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ мемлекеттік ұлттық  
университетінің ректораты және  
журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының  
Баспасөз және бұқаралық ақпарат  
министрлігін

де тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор -  
Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ;  
Бас редактордың орынбасары -  
Нарбинь КЕНЖЕҒҰЛОВА,  
Жауапты хатшы -  
Айтгүл БАБАСОВА;  
Фототілші -  
Арман СӘРСЕНБИЕВ.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

К.Н.НӨРІБАЕВ - ректор;  
Е.Б.ЖАТҚАНБАЕВ - проректор;  
Л.С.АХМЕТОВА - кәсіподақ  
ұйымының төрайымы;  
Ж.Д.ДӘДЕБАЕВ - филология  
факультетінің деканы;  
Н.ОМАШҰЛЫ - журналистика  
факультетінің деканы.

## МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы,  
әл-Фараби даңғылы,  
71, ректорат, 10-  
кабат, 1008 бөлме.  
Тел.: 47-19-24.



Немір "Полиграфсервис" баспасында  
25.12.99 күні басылып шықты. Бағасы  
келісім бойынша.

Тараламы - 1000 дана. Көлемі 2 б.т.  
Индексі 65989. № тапсырыс.